

Сыздықов Серікбол Құсайынұлының 6D021400 – Әдебиеттану мамандығы бойынша «Ақселеу Сейдімбектің прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі» деген тақырыпта философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

П І К І Р

Көркем әдебиет - қай дәуірде де халық өмірінің айнасы, ұлттық ой-парасаттың қазынасы мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып қалыптарының шежіресі. Ол әрбір ұлттың рухани болмысын, кез-келген этностың өзгелерден ерекшелігін айқындайтын негізгі құндылықтар қатарында. Қазақ әдебиетінің тарихи даму жолында да Ұлы даланы ежелден мекендеп келе жатқан ұлтымыздың тұрмыс-салтына сай туып-қалыптасқан мұра ретінде жинақталған аса бай этнологиялық қазыналарын бойына жинақтаған көркем туындылар аса мол. Әсіресе соңғы жүзжылдық кезеңінде қазақ қаламгерлері ұлттық құндылықтарымыз бен этнографиялық дәстүр-салтымызға, тұрмыстық ұғым-түсініктерімізге, бір сөзбен айтқанда, этностық бірегейлігімізге қатысты мәселелерге айрықша назар аударып, оларды өздерінің әртүрлі жанрдағы шығармаларына көркем деталь, бейнелеу құралдары ретінде, тіпті авторлық мақсатқа жетудің басты идеясы тұрғысында қолданып келеді. Бұл ғасырлар бойы қалыптасып, тұрмыс-тіршілігіміздің бұлжымас қағидасына айналған ұлттық кодымызға қатысты мұраларымызды бүгінгі және келешек ұрпақтар санасына жеткізу бағытындағы талпыныс болса керек. Ал әдеби шығарма табиғатында ұлттық құндылықтар таптырмас көркемдік құрал ретінде қызмет атқармақ.

Көркем шығармада халқымыздың этномәдени құндылықтарын мейлінше шебер қолдануда өткен ғасырдың соңғы ширегі мен ода нкейінгі Тәуелсіздік жылдарында өнімді еңбек еткен көрнекті қаламгер Ақселеу Сейдімбектік жеткен жетістіктері аса мол. Жазушының прозалық шығармаларында қазақ халқының этностық даралығын айқындайтын көркемдеуші құралдар молынан көрініс тапқан.

Докторант Серікбол Сыздықовтың диссертациясы суреткерлік колориті айқын, өзіндік шешен де шұрайлы тілдік өрнектері ерекше, жазуы мен баяндау мәнерінен халықтық әңгімешілдік дәстүрдің бар мүмкіндігі төгіле көрініп тұратын қолтаңбасы айрықша қаламгер, қазақ прозасының ұлттық бояуын мейлінше биікке көтерген жазушы Ақселеу Сейдімбектің көркем әңгімелері мен хикаяттарына теориялық талдау жасап, оларға диссертация тақырыбы аясында бүгінгі проза жанрына қойылатын талаптар тұрғысынан баға беруді мақсат етеді.

Зерттеуші ретінде докторантураның алғашқы кезеңінен бастап С.Сыздықов өзінің ізденгіштігі мен тиянақтылығына қоса жан-жақты теориялық даярлығын көрсетті. Ол қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының жазушы шығармашылығын кешенді зерттеуге жол ашатын құрылымдық жүйесінен және зерттеу нысаны ретінде сұрыптап алынған әдеби шығармаларының тақырыптарынан толық байқалады.

Жазушы А.Сейдімбек өз дәуірінде ұлттық әдебиетіміздегі көркем әңгіме жанрының хас шебері ретінде танылған қаламгер. Оның шығармаларының тақырыбы мен кейіпкерлері қарапайым қазақ ауылында өмір сүреді, ұлтымызға тән қарапайым кәсіптермен айналысады. Әрине кәсіптің түрі аз емес. Ақселеудің қаламына ілінгені осынау мол мұраның ішіндегі аңшылық, саятшылық, қолөнер шеберлігі, ұсталық, мергендік секілді ұлттық-этнографиялық сипаты мол кәсіп түрлері. Жазушының шығармаларын оқи отырып, ондағы кейіпкерлерге ілесіп өзің де саятшылыққа қалай шығып кеткенінді немесе қолыңа бүркіт кондырып, аң қағып жүргенінді аңғармай қаласың.

Диссертант С.Сыздықов өзінің зерттеуіне жазушының этнографиялық бояуы тамшылап тұрған көркем әңгімелерін бір тарауға, хикаяттарын бір тарауға топтастырып, теориялық тұрғыдан сауатты талдап, тиянақты тұжырымдар ұсынған. Зерттеушінің талдаулары сапалы, қорытындылары дәлелді. Әсіресе жазушының аңшылық кәсібі мен саятшылық өнерге арналған «Тәтті тіршілік», «Қақпаншы», «Рамазан мерген», «Көңіл шіркін», «Зерде», «Аңшы өтірік айтпайды» секілді әңгімелеріндегі кейіпкерлердің образдарына, олардағы характерлік ерекшеліктердің ашылуына қатысты талдаулары мен қорытындыларын жоғары бағалауға болады. Бұл шығармаларында аңшылық, саятшылықты жай ғана күркөріске қатысты кәсіп ретінде емес, ұлттық құндылықтар қатарында суреттеген жазушының дара қолтаңбасы зерттеуші тарапынан жан-жақты ашылған. Сонымен қатар С.Сыздықов бұл шығармалардағы жазушының сөз қолданысындағы өзгеде кездесе бермейтін тілдік оралымдарға, шешендік өнер өрнектеріне, күнделікті қолданыстағы тұрмыстық заттар мен жер-су атауларына, өсімдіктер мен аң-құс түрлеріне, әдет-ғұрып, салт-дәстүр қағидаларына қатысты ерекшеліктер арқылы да автордың суреткерлік табиғатын ашады.

Жазушы А.Сейдімбектің «Аққыз», «Қыз ұзатқан», «Күзеуде», «Бір атым насыбай» атты көркем хикаяттарындағы этностық ерекшеліктер мен қазақ тұрмысына тән этнографиялық қалыптар мен ұғым-түсініктер, ырымдар сияқты түрлі ұлттық код салалары туралы көркем материалды талдау барысында да докторант С.Сыздықов өзінің ғылыми зерттеу жұмысына аса тиянақтылығы мен әдебиеттану саласындағы теориялық

